Бекітемін :

**№29** *«Ай-Керім»* бөбекжай бақшасының меңгерушісі

**А.И.Хожамуратова**

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі**






**Ортаңғы топ:** «Акжелкен»

**Тәрбиеші:**Оразбаева.Ж.Е

**2021- 2022ж**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Білім беру саласы:** Қатынас, Шығармашылық, Таным

**Білім бөлімі:** Сауат ашу, Тіл дамыту, көркем әдебиет, математика, жапсыру.

Өткізетін күні: 17.02.2019 жыл

**Тақырыбы: «Сөз қарға емес, ұшса ұстай алмайсың»**

**Мақсаты:** Балаларға сөз туралы, сөздің дыбыстардан құралатыны туралы түсінік беру, жұмбақ шешкізіп, ертегі тыңдау арқылы дүниетанымдарын кеңейту; және дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру арқылы анық сөйлеуге төселдіру,саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.

**Міндеті:** Берілген тапсырманы өз беттерімен орындап, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. Тез және дұрыс шешім қабылдауға баулу, бір-біріне деген жылы сезімге,достыққа тәрбиелеу.

**Қажетті құралдар:** слайдтар, қойдың жүні, ақ қағаз, түсті макарон өнімдері,желім, қылқалам, үлгілер.

**Техникалық құралдар:** интерактивтік тақта,компьютермен жұмыс

**Әдіс тәсіл:** Сұрақ–жауап

| **Іс-әрекет бөліктері** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
| --- | --- | --- |
| **Ынталандыру**<br><br>**Сезімін ояту** | Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады. «Сәлем сөздің анасы,Сәлем берер әр қазақтың баласы»-демекші қонақтармен амандасып алайық.<br><br>**Тілек шеңбері.**<br><br>Тілер қазақ баласы<br><br>Сәлем сөздің анасы<br><br>Алдымыздан кездескен<br><br>Көп таныста көреміз<br><br>Бәріне де ізетпен<br><br>Біздер сәлем береміз<br><br>Қайырлы таң көк аспан! | Балалар шеңбер болып тұрады.<br><br>Тілек шеңберін бірге қосылып айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдасты ру-ізденушілік** | Қайырлы таң қонақтар!<br><br>Қайырлы таң достарым!<br><br>Тәрбиеші: Балалар сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?<br><br>Олай болса мен сендерге бір жұмбақ жасырайын жауабын тапсаңдар бүгінгі ертегіміз не туралы екенін білетін боласыңдар. | Иә, жақсы көреміз |
| | Жұмбақ<br><br>Екі тақта арасында<br><br>Қимылдайды қызыл тақта<br><br>Ақ дуалдың артында қызыл ит<br><br>Байлауынан бір босамас қызық ит. Ол не?<br><br>**Ғажайып сәт** | Жұмбақтың шешімін табу үшін мұқият тыңдайды |
| | Слайд 1<br><br>Дұрыс айтасыңдар. Енді экранға назар аударайық не көріп тұрсыңдар? | Жауабы: Тіл |
| | ***«Тынымсыз тіл туралы ертегі»*** | Экранға тілдің суреті шығады |
| | Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті.<br><br>Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып,өзіне<br><br>дуал етіп, ал екі ерінен ашылып-жабылып тұратын<br><br>есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-<br><br>жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысты<br><br>бір дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. | Тынымсыз Тіл |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдаст ыру-ізденушілік** | Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен<br><br>Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты,олардың дауысы жоқ екен.Ән салмай , тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжіген Тынымсыз Тіл оларға шағи кедергі жасауға тырысады.Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады,біресе тіске тақалып қалады, кейде тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен.<br><br>Ән салмайтын дауысы жоқ дыбыстар сыртқа шыға алмай, Тынымсыз Тілден өте алмай, әбден зар болады. Олар: Бізді өздерімен бірге жетелеп алып шығыңдаршы ,- деп әнші дыбыстарға жалынады. Әнші дыбыстар келіседі.Екеуі бірігіп сөз құрайды да,сыртқа дос болып,сөз болып шығады.<br><br>-Балалар бұл ертегідегі әнші дыбыстар қандай дыбыстар екен?<br><br>-Кедергіге кездесіп қалатын дыбыстар ше?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар.Міне дауысты, дауыссыз дыбыстар бірігіп сөз құрайды екен.<br><br>Алдағы уақытта шатаспай тану үшін сөзді біз мынадай белгімен белгілейміз. | туралы ертегіні<br><br>Зейін қойып<br><br>тыңдайды<br><br>Дауысты дыбыстар<br><br>Дауыссыз |

| | | |
|---|---|---|
| | Слайд 2-3<br>Егер сөзде дыбыстар аз болса, ол сөз қысқа болады (қолымен өлшеп көрсетеді)<br>Егер сөзде дыбыстар көп болса ол сөз ұзын сөз болады (қолымен өлшеп көрсетеді)<br>Слайд [illegible] суреттері<br>Мына суретте не бейнеленген? Бұл ұзын сөз бе, әлде қысқа сөз бе?<br>Слайд 4-15<br>Дидактикалық ойын «Сөз құра»<br>Дауысы жоқ дыбыстарға көмектескіміз келе ме?<br>Ендеше, оларды дауысы бар дыбыстармен біріктіріп сөз құраңдар<br>(құраған сөздерін айтқызады, алақандарын бір-бірінен алыстатып, жақындату арқылы өлшетеді).<br>«Сөзді өлше» дидактикалық ойын.<br>Мақсаты: жылдам ойлауға үйрету.<br>Тәрбиеші ұзын,қысқа сөздерді айтады (слайд арқылы суретін көрсетеді), балалар үнсіз ғана оның өлшемін қолдарымен көрсетеді.<br>Жарайсыңдар, тапсырманы дұрыс орындадыңдар<br>-Балалар енді бойымызды бір сергітіп алайық.<br>Сергіту жаттығуы | дыбыстар<br>Тәрбиешінің түсіндірмесін тыңдап сөз белгісімен танысады<br>Ойынды қызыға ойнап.Сөздерді құрап айтады,алақандарын жақындатып,алыс- татып сөздерді өлшейді<br>Ойын шартын түсініп алады.Тәрбиешінің айтқан сөздерінің өлшемін қолдарымен көрсетеді<br>Өлең мәніне сай қимыл-қозғалыс |

| | | |
|---|---|---|
| | Видеотаспаға қарап би қимылдарын жасау.<br><br>Балалар ,енді келесі тапсырмаға назар аударайық. Мұғалім бізге «Мақал сөздің мәйегі»-деп қандай мақалдар білетінімізді айтайықшы<br><br>Сөз қарға емес ұшса ұстай алмайсың<br><br>Жарайсыңдар.<br><br>Енді осы мақал мәтелдерге байланыстыра шығармашылық жұмысымызды бастайық<br><br>I топ Сөз қарға емес, ұшса ұстай алмайсың<br><br>II топ Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны көреді<br><br>III топ Мал шөпке, адам сөзге тоқтайды. | жасайды<br><br>Балалардың жауабы:<br><br>Өнерлінің қолы алтын<br><br>Өнеге қарап ұл өсер<br><br>Мақал сөздің көркі<br><br>Балалар тұзды қолдана отырып Қарғаны бейнелейді<br><br>Балалар ұя мен балапанды боялған жүндермен бейнелейді<br><br>1Балалар қойдың бейнесін макаронды қолдана отырып әрлейді |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Жетекші - Жөндеуші** | Жүректен – жүрекке,<br>Келесі кездескенше сау болыңыздар!<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір - біріне жылы тілектерін айтады<br>Достықтан үлгі санаған,<br>Бір үйде біз тұрамыз<br>Кеткен ата-бабадан<br>Бірлік асыл мұрамыз! | Өздерінің ҰОІӘ алған әсерлерін ортаға салады. |

**Күтілетін нәтиже: Ертегінің атауын және мазмұнын, мақал-мәтелдер, жұмбақтардың шешімін таба біледі.**
**Қалыптасқан түсініктер: Түрлі -әдістерді қолдану арқылы шығармашылық жұмыстарды , қажетсіз заттарды пайдалана отырып бір бейне жасауға дағдылану.**

---

**Орындаушылық қабілеті: Тілек шеңберін айтты, сұақтарға жауап берді. ойындарға қызығушылық таныта отырып ойнады, шығармашылық жұмыстарды орындай алды, сөздік қоры, танымы есі зейіні артты.**







